Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
8D02307 – «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
Сейдамат Әсел Қазбекқызының «Қазіргі сөзқолданыс:
стандарттылық және әсерлілік (қазақ жазба коммуникациясының
материалдары негізінде)» атты тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Тіл қолданысындағы жазба коммуникация – қоғам мүшелерінің ақпарат алуына аса тиімді, қолайлы арналардың негізгісі. Коммуникативтік қарым-қатынаста ақпараттық технологиялардың рөлі арта түскенімен, жазу арқылы жүзеге асатын жазба коммуникацияның ұлт тілінің сақталуы мен дамуындағы орны айрықша. Категориалды ұғым ретіндегі жазба коммуникация коммуникативті жағдаятқа, коммуникативтік актінің мақсат-міндеттеріне қарай түрлі тармақтарға тарамдалып кететіні мәлім. Жазба коммуникацияның осындай аса маңызды тармағы – мерзімді баспасөз тілі.

Қазақ мерзімді баспасөзінің тілі диахронды және синхронды аспектілерде қазақ тілтанымында ұдайы зерттеу нысанасы болып келеді. Зерттеулер аясы кең және ауқымды. Мерзімді баспасөздің мол тілдік фактілерін пайдалана отырып, ғалымдар тіл тарихы, әдеби тілдің дамуы, функционалды стильдердің тарамдалуы сөз мәдениеті, әдеби норма салаларының қалыптасуы мен жетілуі, ортология, стилистика, терминология проблемаларына қатысты маңызды тұжырымдар жасады. Өйткені баспасөз – қоғамның саяси-әлеуметтік және мәдени өмірін, қоғамдағы өзгерістерді деркезінде қамтитын, жанрлық сипаттамасы сан алуан күрделі функционалды стиль. Баспасөздің ақпарат жеткізу және ықпал ету функциясы тіл арқылы жүзеге асады. Осы екі қызметі үшін баспасөз тіл қорын кеңінен игереді. Сонымен қатар қоғам дамуының әр кезеңінде баспасөздің ақпарат беру және ықпал ету функциялары өзгереді, осыған байланысты тілді пайдалануда да жаңа сипаттар пайда болады. Осындай күрделі сипатына қарай академик Р. Сыздық тіл табиғатын талдағанда, тіл өмір сүріп отырған дәл осы кезеңдегі тіл қолданысының ерекшеліктерін «синхронды-нормативтік өлшемге салып қарастырудың өзектілігіне назар аудартқан болатын. Синхронды тұрғыдан соңғы онжылдықтар – мерзімді баспасөздің тілі мен стилін зерттеуде айрықша кезең.

Бұл алдымен мерзімді баспасөздің ақпарат беру және ықпал ету функциясының арасалмағына байланысты. Екіншіден, бүгінгі баспасөз пайдаланатын тілдік бірліктерден айқын байқалып отырған сипат – ықпал ету функциясының басымдығы. Екіншіден, соңғы онжылдықтардағы қазақ мерзімді баспасөзі тіл стратегиясының басым бағыттарына орай алдыңғы

тұстардағы тіл қолданысын екшеуден өткізіп, саралап, сұрыптап пайдаланып, тілдің ұлттық құндылық екендігін, жаһанануға бет бұрған кездегі тілдің бәсекеге қабілеттілігін, өміршеңдік қабілетін танытап келе жатқан бірден-бір сала. Сөйтіп, қазіргі кезде қазақ мерзімді баспасөзінде ықпал ету мен ақпарат беру функцияларын атқаратын лексикалық тілдік бірліктер қалыптасты. Тілдік бірліктер өзара біртұтастықта баспасөз функцияларын атқарады. Негізгі мақсаттар үшін ұйымдасқан тілдік бірліктер (сөздер мен сөз тіркестері) – сөзқолданыстар.

Қазіргі қазақ баспасөзінде қазақ тілінің әсерлілік тудыратын барлық мүмкіндіктерін пайдалану бағыты басым. Реципиенттің ақпаратқа деген саналы позициясын қалыптастыру мақсатында қазіргі баспасөз әсерлілік туғызатын тілдік бірліктер қатарында көріктеу құралдарының барлық түрлерін, мақалдар мен мәтіндерді, фразалық тіркестер мен қанатты сөздерді қолданады. Сөздердің тіркесу аясын кеңіту арқылы сөз мағыналарын жаңғырту үдерістері де айқын байқалады. Бүгінгі баспасөздің авторы-жазарманы – кәсіби мамандар және қалың қауым. Олар ықпал ету, әсер туғызу мақсатында тіл қорындағы көріктеу құрылдарын түрлендіреді, өзгертеді. Осындай құбылыстар бірнеше үдерістерге ұшырайды: алдымен баспасөздің бір басылымында сәтті қолданылған, ықпал ету функциясы күшті әсерлі сөзқолданыс басқа да басылымдарға ауыса бастайды, қолданыс жиілігі артады. Мәселен, Ә. Кекілбаев «Тәуелсіздікті тұғырлы ету» деген тіркесті алғаш қолданған болатын, осы тіркес қолданыс жиілігі артып, бір баспасөзден екіншіге, ауызша тілге, ғылыми-көпшілік стильге ауысу үдерісін байқатты, «Тәуелсіздікті тұғырлы етуге тер төккендер» деген сияқты валенттілік кеңейді. Бұл үдерістің нәтижесінде алғашында авторлық қолданыс, әсері күшті сөзқолданыс стандарттылық деңгейіне жетеді. Қазақ баспасөзінің қазіргі тілі мен стилінде осындай құбылыстар жүруде. Тілдік фактілерді сараптау, талдау арқылы қазақ лингвистикасында ішінара қарастырылған стандарттылық және әсерлілік құбылыстарының өзара арасалмағын, әдеби нормаға қатысты рөлін анықтау аса маңызды.

Диссертацияда осы мәселелер талданған. Қазіргі баспасөздегі *стандартты (клише, стереотип, штамп)* және *сөз әсерлілігін тудыратын тілдік бірліктердің* (теңеу, перифраз, фоникалық құрылымдар, лексикалық қабаттардың образды-коннотаттық қызметі) өзара ықпалдасатын стильдік қызметі қазіргі баспасөздің қазақ тілінің сөз байлығын сарқа пайдалануға негізделген, ұлттық болмысты танытатын сөзқолданыстың өзара ықпалдасуы арқылы қазақ мерзімді баспасөзінің лингвомәдени және коммуникативті кеңістіктегі айрықша рөлі мен маңыздылығын көрсетіп отыр.

Баяндалған мәселелер қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінің тілі мен стилін танытатын, ақпарат беру және ықпал ету функциясы үшін өзара тығыз сабақтастықта қолданылатын тілдік бірліктерді – *стандартталған*

тілдік бірліктер мен сөз әсерлілігін туғызатын сөзқолданыстарды біртұтастықта зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Қорғауға ұсынылып отырған жұмыс «Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысы) іске асырудың «мәдениеттің барлық бағыттарын дамытудың жүйелілігі мен кешенділігі» және «мәдениеттің үдемелі дамуының тарихи сабақтастығы мен үздіксіздігі» деп аталатын қағидаттарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін беруге қоятын талаптарына толық сәйкес келетін, зерттеу қорытындылары функционалды стилистика, сөз мәдениеті, прагмалингвистика, когнитив лингвистика, коммуникация теориясы сияқты салалардың дамуына таяныш болатын, аяқталған, ғылыми аппараты дұрыс зерттеу деп бағаланады.

Баяндалғандардың негізінде ізденуші Ә.Қ. Сейдаматтың 8D02307 – «Қазақ филологиясы» философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазіргі сөзқолданыс: стандарттылық және әсерлілік (қазақ жазба коммуникациясының материалдары негізінде)» деп аталатын диссертациялық зерттеуін қорғауға ұсынуға болады деп санаймын.

А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы,
профессор **А. Алдаш**

2025 жылғы 25-інші маусым.

Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі
БСН 990240003957

(аты-жөні)
қолын куәландырамын
«А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» РМК Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі
«25» маусым 2025 ж.